

**Т. Нургазиев** Ардахан университеті, Түркия, Ардахан қ.  
e-mail: [tanat.nurgaziev@gmail.com](mailto:tanat.nurgaziev@gmail.com)

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АРХЕТИП ЖӘНЕ СИМВОЛ: ПСИХОАНАЛИТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ (ХАЛЫҚ ХИКАЯЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада архетип және символ ұғымдарының зерттелуі әдебиеттің психоанализ бағытындағы еңбектерге сүйене отырып талданды. Зерттеу нысаны, материалы ретінде қазақ халық хикаялары негізге алынды. Зерттеудің мақсаты – психоанализ әдісі арқылы қазақ халық хикаяларына талдау жасау. Зерттеу жүргізу барысында психоанализдің теориялық аспектілерін зерделеуде Зигмунд Фрейд, Карл Густав Юнг және Эрих Фромм пікірлері және психоанализ әдістемесі бойынша Джозеф Кэмпбелл, Билл Мойерс, Тұрсын Жұртбай пікірлері басшылыққа алынды. Мақалада «Бабалар сөзі» жүз томдығының 11, 23, 30, 31-томдарына енген діни, батырлық, ғашықтық, дастан хикаялардың бірқатарына архетиптік талдау жасалды. Психоанализ дамуындағы негізгі үш кезең жүйеленіп, зерттеу мектептері мен оның өкілдері жайлы мәліметтер берілді. Бұл ретте Ресей зерттеушілерінің пікірлері мен мақала, монографиялары басшылыққа алынды. Мақаланың әдістемелік базасын жазуда Түркия әдебиеттеріндегі психоанализ заманауи зерттеулердің нәтижелері қолданылды. «Анима», «анимус», «ана», «әке», «көлеңке» архетиптері талданып, халық хикаяларындағы сюжет сабақтастығына мысалдар келтірілді. Мақалада «Бабалар сөзі» жүзтомдығынан алынған халық хикаялары өлең тармақтарының реттік саны арқылы көрсетілді.

**Түйін сөздер:** хикая, архетип, Фрейд, Юнг, әдебиет.

T. Nurgaziyev

Ardahan University, Turkey, Ardahan  
e-mail: [tanat.nurgaziev@gmail.com](mailto:tanat.nurgaziev@gmail.com)

### Archetype and symbol in Kazakh literature: problems of psychoanalytical analysis (based on the example of folk stories)

The article analyzes the study of the concepts of archetype and symbol based on research in the direction of literary psychoanalysis. Kazakh folk stories were taken as the main object, material of study. The purpose of the study is to analyze Kazakh folk stories using the method of psychoanalysis. In the course of the study, the theoretical aspects of psychoanalysis were guided by The opinions of Sigmund Freud, Carl Gustav Jung, Eric Fromm, and the methodology of psychoanalysis was supported by the opinions of Joseph Campbell, Bill Moyers, Tursyn Zhurtbai. The article provides an archetypal analysis of a number of religious, Heroic, Love, and Dastan stories included in volumes 11, 23, 30, 31 of the hundred volumes of the «Babalar Sozi». The main three stages of the development of psychoanalysis were systematized, information about research schools and their representatives was given. At the same time, the opinions and article, monographs of Russian researchers were guided. In writing the methodological base of the article, the results of modern studies of psychoanalysis in the literature in Turkey were used. The archetypes of «anima», «animus», «mother», «father», «shadow» were analyzed and examples with the continuity of the plot in folk stories were given. In the article, folk stories from the hundredth volume «Babalar Sozi» were shown using the ordinal number of verses.

**Key words:** story, archetype, Freud, Jung, literature.

Т. Нургазиев

Университет Ардахан, Турция, г. Ардахан  
e-mail: [tanat.nurgaziev@gmail.com](mailto:tanat.nurgaziev@gmail.com)

### Архетип и символ в казахской литературе: некоторые проблемы психоаналитического анализа (на примере народных рассказов)

В статье анализируются понятия архетип и символ на основе исследований в области психоанализа литературы. В качестве основного объекта, материала исследования были взяты за осно-

ву казахские народные рассказы. Цель исследования – проанализировать народное творчество с помощью метода психоанализа. В ходе исследования при изучении теоретических аспектов психоанализа базовая литература была взята из произведения Зигмунда Фрейда, Карла Густава Юнга, Эрика Фромма и по методике психоанализа учитывалось мнения Джозефа Кэмпбелла, Билла Мойерса, Турсуна Журтбая. В статье проведен архетипический анализ ряда религиозных, героических, любовных, историй-дастан, вошедших в 11, 23, 30, 31 томов сборника «Бабалар сози». Были систематизированы три основных этапа развития психоанализа, даны сведения об исследовательских школах и их представителях. При этом руководствовались мнениями и статьями, монографиями российских исследователей. При написании методической базы статьи использовались результаты современных исследований психоанализа в литературе Турции. Кроме того, ряд работ Э. Фромма, труды К. Г. Юнга и методы М. Экичи к теоретическим проблемам были получены путем перевода на казахский язык из турецкого языка. Были проанализированы архетипы «анима», «анимус», «мать», «отец», «тень» и приведены примеры с последовательностью сюжета в народных рассказах. В статье были показаны народные рассказы из сборника «Бабалар сози» с указанием порядкового числа стихов.

**Ключевые слова:** история, архетип, Фрейд, Юнг, литература.

## Кіріспе

Бүгінде әдебиетті зерттеудің маңызды заманауи әдістерінің бірі саналатын психоаналитикалық әдіс әртүрлі пәнаралық зерттеулердің белсенді таралуына себеп болды. XX ғасырдың басында психоанализ тұжырымдамасы Вильгельм Максимилиан Вундт, Зигмунд Фрейд, Карл Густав Юнг медициналық психотерапиялық практиканың теориялық негізі ретінде пайда болды. Психоанализдегі басты зерттеулерге барар жолда отандық фольклортануда «С. Қасқабасов қазақ дәстүрлі ауыз әдебиеті мен қазіргі әдебиеттегі тұрақты сюжеттердің пайда болу табиғатына талдау жасаса, С. Қондыбай мен Ғ. Ақпанбек қазақ мифтерінің генезисіне мән берді. Ал Ш. Әлібеков фольклордағы эстетика мен халқымыздың әсемдік талғамын тұтастай ашып көрсетуге ұмтылды. Қазақ әдебиеті тарихындағы архетиптерге баса назар аударған Т. Еңсегенұлы ондағы ұлттық белгілерді ажыратып көрсетті» (Оразқұлова, 2014: 6).

XX ғасырдың басынан бастап бүгінге дейін ғылымның әртүрлі салаларында жұмыс істеген ғалымдар психоанализге қызығушылық танытқаны рас. Бүгінде психоанализ әдебиетке ғана емес, сурет, кино, театр сияқты өнердің барлық салаларына қатысты туындыларға қолданылатын әдіс түрі. Алайда, «ең үлкен қарсылық пен сынды ортаға шығаратын» (Екісі, 2004: 96) әдіс екенін де ұмытпаған жөн.

Психоанализдің бастау арнасында тұрған Фрейд ілімінің көптеген аспектілері басқа да ғылым салаларының (мысалы, әлеуметтану) дамуына және әдебиет ғылымының пәнаралық байланысын күшейтуде үлес осып жатқандығын атап өткен жөн. Фрейд антропоцентризм

бағытының елеулі мәселелеріне жаңа көзқарас қалыптастырды: жеке адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты жаңаша түсінуге, адамның (кейіпкердің) ішкі әлеміне үңілуге ықпал етті. К.Г. Юнгтың ұстызы болған З. Фрейд бұл үдерістерді «сана» және «бейсана» ұғымдарының аясында қарастырады.

Аталған ұғымдарға (сана, бейсана) әдеби шығармаларды материал етіп, психоаналитикалық талдау жасаған ғалымдар (Л. Выготский, М. Бахтин, Ф. Гофман, Л. Триллинг, К. Морисон, Ф. Берри, Г. Триси, В. Хардер, Дж. Кэмпбэлл, Б. Мойерс, Е. Алтынқайнақ, Ф. Шайхан, т.б.) бірізді, жүйелі талдау сызбасын ұсынбады. Бұл мәселенің бірнеше себебі бар:

1) Психоанализ – көп векторлы әдіс. Ғылымның әр саласының өзіндік ерекше қасиетімен көрініс табатын психоанализдің медициналық сипаты адам психологиясына байланысты болса, Әдебиеттануда кейіпкер мінезі мен іс-әрекеттеріне баға беру және оларды типтерге бөлу, сараптама жасау көзделеді; мотивтер мен ойлау стереотиптерін, архетиптерін анықтау басты міндет. Бұл тұрғыда, кейде психоанализдің медициналық зерттеу нәтижелерін шығарма фабуласына немесе кейіпкер мінезіне қисынын тауып қолдану қиынға соғады.

2) Фольклорлық шығармалар анонимді (халық шығармашылығы) шығармалар болып табылады. Белгілі бір әдебиет тұлғасының шығармаларын талдауда оның тілдік тұлғасына, өмірбаянына, өмір сүрген дәуіріне, ортасына сүйене отырып тұжырым шығарсақ, халық шығармаларына тұтастай бір халықтың психологиясын, ділін, дінін негізге алуымыз қажет. Бұл ретте, әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар екенін айту артық.

Аталған себептерге байланысты, көркем шығармаға психоанализдік талдау жасау бойынша ғалымдар арасында бірізді пікір жоқ. Алайда, психоанализдік талдауды әдебиеттану ғылымында жоқ деп қарастыруға болмайды. Себебі, әлемдік әдеби үдерісте өзіндік даму сатыларынан өтіп, зерттеу мектептерін қалыптастырған психоанализ бүгінгі күні ұлт шығармашылығын (фольклор) зерттеуде елеулі жетістіктерге жету мүмкіндігін тудырады.

### Материалдар мен әдістер

Психоанализдің әдебиет теориясында орын алу және талдану кезеңі тікелей Зигмунд Фрейд есіміне байланысты. Бұл тұрғыдан әдебиеттегі психоанализдің дамуын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- 1) Бастапқы кезең – Фрейд және Юнг кезеңі;
- 2) Неофрейдшылар кезеңі;
- 3) Постфрейдшілік кезең.

Бастапқы кезеңде әдебиет пен өнерде алғаш рет психоанализ ұғымын қолданған Фрейд, психоанализдің міндеттерін әдебиет міндеттерімен шатастыруға болмайтындығын баса назар аударып айтты. Себебі, XIX – XX ғғ. еуропалық медицина алға қадам басып, әдебиеттегі эксперименталды шығармалар көптеп дүниеге келіп жатқан кезеңде, әдеби шығарма «адам қиялының туындысы» деп танылған және өрескел психоанализ әдеби шығармалардағы кейіпкерлер мінезі мен болмысын инстинктивті көзқараспен ғана талдай алу мүмкіндігіне ие болды. Психоанализдің дамуын екі кезеңге бөліп қарастырған Н.Ю. Панова: «Бірінші кезең 1910-1930 жылдардың басын қамтиды; Екінші кезең 1930 жылдардың басынан басталады» (Панова, 2013: 237) дей отырып, психоанализдің К.Г. Юнг ұсынған моделін психоанализ дамуындағы бастапқы нүкте деп қарастырады. Себебі, бастапқы кезеңде психоанализ әдебиеттанудағы жеке бағытқа айналған жоқ, өйткені психоанализдің теориялық негіздері әлі қаланбаған болатын. Осы кезеңдегі зерттеушілер (Г. Рид, Ф. Лукас, Ф. Пресскот) миф пен психоанализге, әдеби шығармаларға, Юнг ұсынған «архетип» тұжырымдамасын психоаналитикалық және салттық көзқарас арқылы түсінуге тырысты. Алайда бейсана және сана арасындағы негізгі байланысты көрсете білген З. Фрейд, әдеби шығармалар арқылы жан ауруларын емдеуге болатынын айтып, іс-тәжірибеде бұл әдісті қолданды.

Неофрейдшылар кезеңінде психоанализ әдебиеттанудағы жеке әдіс ретінде қабылдана бастады. Бұл әдісті басқа әдістерімен үйлестіру мүмкіндіктері туралы зерттеулер жүргізілді. 1940 жылдары жаңа фрейдшілер деп танылған К. Хорни, Салливан, Э. Фромм сияқты ғалымдарға Юнг пен Адлердің идеялары айтарлықтай әсер етті.

Постфрейдшілік кезеңде психоанализдің дамуы З.Фрейд салып кеткен бағытта жүзеге асты. Бұл даму «...оның философиялық-эстетикалық ерекшелігі негізінен психоаналитикалық және структуралистік зерттеу әдістерінің үйлесімімен байланысты болды. Өкілдері: «Л. Бинсвангер, Дж.П. Сартр, А. Мальро, С. Дубровский және құрылымдық психоанализде Дж.Лакан, К. Морон, Р. Барт, Дж. Деррида» (Проскурник, 2008: 24) т.б.

Әдебиеттанудың қазіргі даму кезеңінде психоанализ әдісінің әдебиеттегі көрінісін анықтау мақсатында психоанализ мектептерінің теорияларын осы сала тұрғысынан зерттеу маңызды. Себебі Фрейд, Юнгтың идеялары мен олардың ізбасарлары жасаған адамзаттың ең үлкен интеллектуалды жетістіктерінің бірі ретінде ғана емес, әдебиеттің медицина, психология, психиатрия, биология ғылымдарымен байланыс жасауына септігін тигізеді.

### Нәтижелері және талқылау

#### 1. Психоанализ мектептері

Психоанализдің дамуын негізгі үш мектеп аясында қарастырсақ болады:

- 1) Вильгельм Вундт мектебі

Психологияның дербес ғылым ретінде пайда болған 1879 жылы неміс ғалымы Вильгельм Вундт Лейпцигте алғашқы эксперименттік психологиялық зертхананы ашып, интроспекция әдісін қолдана отырып, адамдарға эксперименттер жүргізе бастаған деп саналады. Бұл жағдай психологияның теориялық ғылымнан эксперименттік ғылымға айналғанын дәлелдейді. «Бастапқыда зертханада келесі үш бағыт бойынша зерттеулер жүргізілді: сезім және қабылдау; психофизикалық ерекшеліктер; реакцияның уақыты. Кейінірек Вундт ассоциациялар мен сезімдерді көбірек зерттеуді ұсынды. Ізбасарлары атап өткендей, Вундт зертханада эксперименттер жүргізбеді. Оқыту әдісі өте ерекше болатын: Вундт студенттерге эксперименттік тапсырмалары бар парақшалар беретін, нәтижелерді, есептерді тексеретін және

«Философиялық зерттеулерде» (журнал) кімнің еңбегі жариялануға лайық екенін шешетін». (Тихонова, 2020: 256).

2) *Зигмунд Фрейд мектебі*

3) Австриялық психолог және психиатр Зигмунд Фрейд (1856-1939) бүгінгі біз білетін психологияның дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі. Себебі «Фрейдизм» сияқты кең танымал болған басқа бірде-бір психологиялық бағыт болған жоқ. Бұл оның идеяларының өнерге, әдебиетке, медицинаға, антропологияға және адамға қатысты басқа ғылымдарға әсер етуіне байланысты.

Фрейд алғаш рет 1896 жылы психоанализ туралы ақпарат бере бастады және бір жылдан кейін ол өзінің күнделіктеріне жүйелі түрде бақылау нәтижелерін жазды (Психоанализ және практика: Ганс туралы материалдар). 1910 жылы оның теориясы танымал бола бастаған кезде ғалымды Америкаға дәріс оқуға шақырды. Шығармалары көптеген тілдерге аударылған соң, Фрейдтің айналасында ізбасарлары қалыптасты. Венада психоаналитикалық қауымдастық ұйымдастырылғаннан кейін бұл ұйымның бүкіл әлем бойынша филиалдары ашылды, осылайша «психоаналитикалық қозғалыс» қанат жайды. Алайда, Фрейд өзінің көзқарасын мүлдем өзгерткісі/қайта қарағысы келмегендіктен, онымен бірге жұмыс істеген талантты шәкірттері (К.Г. Юнг) одан бас тартты.

Психоанализдің әртүрлі гипотезаларының, модельдері мен тұжырымдамаларының ғылыми айналымының бастауында Фрейдтің идеялары жатыр. Фрейд өзінің зерттеулерінде жанның шынайы болмысын көрсетуге тырысты, бірқатар тұжырымдамалар жасады. Атап айтқанда, бұл қорғаныс механизмдері, фрустрация, сәйкестендіру, басу, бекіту, регрессия, еркін ассоциациялар, өзіндік күш және т.б. Фрейд өзінің зерттеулерінде адамдардың ішкі әлемінің күрделілігі, қанағаттандырылмаған импульстардың салдары сияқты эмоционалды қақтығыстар туралы өмірлік сұрақтарын алға тартты. Қазіргі зерттеулерді негізге ала отырып, Фрейдтің бастап кеткен психоанализдік талдау әдісін үш салаға бөлуге болады:

а) функционалды психикалық ауруды емдеу әдісі,

ә) тұлға теориясы,

б) әлеуметтік теория.

Фрейд теориясының барлық аспектілері ғылыми тұрғыдан танылмаса да, бұл ойлар жаңа зерттеулерге жол ашып берді.

Фрейдтің көптеген ережелерін оның ізбасарлары айтарлықтай жетілдіргеніне қарамастан, оның теориясындағы психикалық дамудың негізгі тәсілдері өзгеріссіз қалды. Оларға келесі ережелер кіреді:

1) ақыл-ой дамуын мотивациялық, тұлғалық тұрғыдан түсіну;

2) даму үдерісін қоршаған ортаға бейімделу ретінде ұсыну;

3) дамудың негізгі тетіктері де туа біткен, тұлғаның негіздері мен оның мотивациясы ерте балалық шақта ашылады және бұл құрылым болашақта ешқандай маңызды өзгерістерге ұшырамайды.

*Карл Густав Юнг мектебі*

Карл Густав Юнг – психоаналитикалық теорияны дамытуды жалғастырған Фрейдтің ізбасарларының бірі. Юнг, Фрейд ұсынған психоанализ тұжырымдамасын өзінше түсіндіруге тырысты және сонымен бірге психологияға және ғылымның басқа салаларына ортақ болған «Эго», «Ұжымдық бейсаналық», «Архетип» сияқты ұғымдарды айналымға ендірді.

Юнгтің пікірінше, «Эго» (ол оны жан деп те атайды) жеке және ұжымдық бейсаналықтан тұрады. Юнг «Эго» тұжырымдамасын «Мен» дегенде айтқымыз келетін барлық нәрсе ретінде қабылдайды. Жеке бейсаналық – бұл қандай да бір себептерге қатысты ұмытылған жеке тәжірибе деп қабылдады.

Ұжымдық бейсаналық, керісінше, біздің жалпы эмоционалды өткеніміздің нәтижесі болып табылатын барлық адамдарға ортақ ойлар мен сезімдерді қамтиды. Юнгтің өз сөзімен айтқанда «Ұжымдық бейсаналық адам эволюциясының барлық рухани мұрасын қамтиды, ол әр адамның ми құрылымында қайта пайда болып отырады» (Юнг, 2003:16). Осылайша, ұжымдық бейсаналық ұрпақтан-ұрпаққа беріледі және адамзат баласына ортақ. Мысал ретінде, халық жасаған шығармалар (мифология, халық ертегілері және т.б.) және шығармалардағы негізгі түйіндер (жақсылық пен жамандық, жарық пен қараңғылық және т. б.) психоанализ әдісі арқылы сараланады. Бұл ретте ұжымдық бейсаналық архетиптерден тұрады.

## 2. Архетип мәселесі

К.Г. Юнгтің пікірінше, архетиптер эмоцияларда, өмірлік стратегиялар мен қадамдарда көрініс табады (туу, өлім қорқынышы және т.б.), барлық халықтардың ортақ ұжымдық бейсаналығының ажырамас бөлігі болып табылады. Юнг сипаттаған архетиптерді төменде берілген кесте арқылы көруге болады:



## 1-кесте – Архетиптер.

Архетип атауы	Мағынасы
«Анима»	Ер адамдағы «әйелдің» ішкі даралығы мен физикалық және рухани көрінісі
«Анимус»	Әйел адамдағы «еректің» ішкі даралығы мен физикалық және рухани көрінісі
«Персона»	Адамның әлеуметтік рөлі
«Көлеңке»	Адамның ішіндегі қараңғы ойлар
«Мен»	Адамның ішкі ізденісі
«Дана» / «Көреген»	Адамның ішіндегі ізгі ниет, мейірімділік
«Құдай» / «Тәңірі»	Психикалық шындықты түпкілікті жүзеге асыру

*«Анима» мен «анимус» архетиптері.*

Юнг бұл құбылысты адамның туа біткен андрогендік табиғаты деп қарастырады. Анима – еркектегі «әйелдің» ішкі бейнесі; анимус – әйелдегі «ер адамның» ішкі бейнесі. Юнгтің пікірінше, бұл архетип «Ғасырлар бойы қарама-қарсы жыныспен өзара әрекеттесу тәжірибесінің нәтижесінде ұжымдық бейсаналықта дамыды» (Юнг, 1991: 68).

*Персона* (тұлға, латын тілінен аударғанда «Маска») архетипі – бұл адамзат баласының қоғамдағы бет-әлпеті, яғни біз басқа адамдармен қарым-қатынасымызда өзімізді қалай көрсететіндігіміз, қандай «маска» киетіндігіміздің, ауыстыратындығымыздың көрінісін сипаттайтын архетип. Юнгтің түсінігінде, адам басқаларға әсер ету немесе өзінің шынайы тұлғасын басқалардан жасыру мақсатында күнделікті түрлі рөлдерге кіреді. Бұл түр архетип «Күнделікті өмірде басқа адамдармен қарым-қатынас орнату үшін қажет» (Юнг, 1991: 71).

*«Көлеңке» архетипі* – жеке тұлғаның қараңғы, зұлым және инстинктивті аспектісі. Көлеңке біздің жыныстық және агрессивті импульстарымызды, қоғам қабылдамайтын азғындық ойларымыз бен құмарлықтарымызды қамтиды. Бірақ көлеңкенің жағымды жақтары да бар. Юнг көлеңке архетипін «Жеке адамның өміріндегі тіршілік, стихия және шығармашылық күш көзі» деп санайды (Юнг, 1991: 77).

*«Мен» архетипі* – Юнг теориясындағы ең маңызды архетип. «Мен» – барлық басқа элементтер ұйымдастырылған тұлғаның мәні. Жанның барлық аспектілерінде интеграцияға

қол жеткізгенде адам бірлікті, үйлесімділікті және тұтастықты сезінеді. Демек, Юнгтің түсінігінде өзін-өзі дамыту «Адам өмірінің басты мақсаты» (Юнг, 1991:81) болып табылады.


«Дана» архетипі – «Адамның ішіндегі философ, сарапшы, кеңесші, мұғалім, өзіне сенімді, ойлы, тәуелсіз, өзін-өзі бақылауы жоғары» (Юнг, 1991: 94) тұлғалық қасиеті.

*«Құдай» архетипін* Юнг алғаш рет «Алхимияның діни-психологиялық мәселелеріне кіріспе» атты еңбегінде «Құдай бейнесінің архетипі» тіркесін қолданады. Атап айтқанда, ол құдай мен жан арасындағы қарым-қатынастың жақындығын сипаттайды: «Біз туыстық қатынастар туралы айтып отырған жоқпыз, бірақ кез келген жағдайда жанның Құдайдың мәніне сәйкес келу мүмкіндігі болуы керек, әйтпесе бұл қарым-қатынасты ешқашан орнатуға болмайды» (Юнг, 1991:241) дейді.

Карл Юнгтің теориясына сәйкес, адам жанының бейсаналық деңгейінде ең алдымен символдар болады. Юнг символдардың екі түрі бар екенін айтады: «Жеке символдар және ұжымдық символдар» (Юнг, 2009:55).

Жеке символдар – адам жаны өздігінен жасайтын символдың түрі. Көбінесе бұл белгілер адамның армандары мен қиялдарында, түсінде көрініс табады, пайда болады.

Ұжымдық символдар – адам нақты анықтай алмайтын және толық түсіне алмайтын ұғымдарды білдіретін өрнектің символдық формалары мен бейнелері. Бұл символдарды төмендегі суретте көруге болады:



1-сурет – Символ.

Мысалда келтірілгендей, жеке бейсаналық адамның жеке тәжірибесінен тұрады және бұл тәжірибе армандары мен жеке ойларда көрініс табады. Алайда, ұжымдық бейсаналық көптеген жылдар бойы адамдар жинаған тәжірибеден туындайды және өзін бейнелер түрінде пайда болады. Сол сияқты, армандар мен адамның қиялы уақыт өте келе бейнеге айналады және символ ретінде жаңғырып, архетиптік түсінікке – адамзат баласының ортақ мирасы болып қалыптасады.

### 3. Халық хикаяларындағы символдар

«Символ тілі күнделікті өмірде сөйлейтін тілден мүлдем өзгеше. Бұл тілдің логикасында – ақпараттылық, мағына және ассоциациясында маңызды орынға ие. Адамзат дамытқан жалғыз әмбебап тіл – символдар тілі және ол тарихқа қатысты барлық мәдениеттерде бірдей» (Fromm, 2015: 20).

Символдар әр халық үшін әртүрлі мағынаға ие болғанымен, олардың мазмұны жағынан да түрлері, тармақшалары бар. Фроммның пікірінше, «Символдар үш топқа бөлінеді: дәстүрлі, кездейсоқ және әмбебап символдар» (Fromm, 2015:28).

Дәстүрлі символдар – бүкіл дүниежүзіндегі адамдар қабылдайтын және түсінетін символ түрі. Көбінесе адамдар эмоцияларын білдіргенде қандай да бір әрекет жасайды немесе әртүрлі дыбыстар шығарады; Фромм бұлардың барлығын символ деп санайды. Мысалы, адам қорыққанда айқайлайды, қуанғанда күледі, құшақтайды, көзіне жас толады, қоштасқанда қолын бұлғайды. Осы және осыған ұқсас қимылдардың барлығы дәстүрлі символдар тобына жатады. Қазақ халық хикаяларында бұл түр символдардың жиі кездесетінін байқауға болады:

«Өгей шеше кейде бұларды ұрады да,  
Орнынан тез жүгіріп тұрады да.  
Ұрсып, қарғап, аяусыз қақпай көріп,  
60. Шешені ойлап балалары жылады да.  
Тамақ, киім, жататын орны жайсыз,  
Өгей шеше күтуі өте ыңғайсыз.  
Дәмсіз тамақ, есікте жатар орын,  
Қатықсыз қара көже ешбір майсыз» (Бабалар сөзі, 31-том, «Үш жетім» хикаясы, 56-60- тармақ аралығы).

Қатыгез өгей шеше – әлемдік фольклорда жиі кездесетін кейіпкердің бірі. «Үш жетім» хикаясындағы өгей шешенің балаларын ұрып-соғуы, айғайлауы, ашулануы, қарғауы, қатыгездік танытуы оның жеке бас ерекшелігін, нашар ана екенін, аманатқа қиянат жасай алатын адам екенін айғақтайды.

Кездейсоқ символдар – кез келген жеке тұлғаның өзіне ғана тиесілі және оны тек сол тұлға ғана түсіне алатын символдың түрі. Мұндай символдар халық хикаяларында кейіпкердің көзқарасын көрсету үшін қолданылады. Мысалы, хикаялардағы қалалар, белгілі бір аймақ, үңгір сияқты жерлер кейіпкерлерге әртүрлі әсер етіп, олар үшін (шығарма фабуласы үшін) маңызды бетбұрыс кезеңін сипаттайды. Мысалы, «Сұлтан патша» хикаясында «қала» сөзін «дүниеде жоқ заттардың орны» деп түсіндіреді:

«Үшеуің сапарға жүр осы жолы,  
Бұған мақұл дейді ғой ақыл молы.  
Ерен деген шаһар бар ұзақ жолда,  
Әртүрлі өнер шығар сонан толы» (Бабалар сөзі, 24-том, «Сұлтан патша» хикаясы, 51-54-тармақ аралығы).

Дегенмен «Бозторғай» хикаясында қала «әділет мекені» ретінде көрініс табады. Бір байға қарыз болып қалған кедей әділдік іздеп 1) Мұхаммед пайғамбар тұратын қалаға барады; Кедейдің қарызын төлеймін деп жолға шыққан Әли 2) бір қалаға келеді:

«Ер Әли елге қарай жүрді дейді,

Бір шәрдің ішіне кірді дейді.

Өңкей-ақ ұрғашы бар, еркегі жоқ,

Бір кішкене қараша үйге келді дейді» (Бабалар сөзі, 11-том, «Бозторғай» хикаясы, 157-160-тармақ аралығы).

Әмбебап символдар – қоғамнан, адамдардан тысқары шығып, архетиптік түсініктің негізіне жақындай бастаған символдың түрі болып есептеледі. Мысалы, әмбебап символ ретінде «өмір» және «тек» мағынасын беретін «ағаш» символын келтіруге болады.

Барлық дерлік халықтардың ортақ символы ағаш – қасиетті мифологиялық жаратылыс, үш дүниені (жер асты, жер және аспанды) байланыстыратын құрал, жаратылыс. Халық ауыз әдебиетінде ағаш кейде кішкентай, кейде үлкен Бәйтерек сипатында көрініс табады. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанындағы Бестеркті атасақ болады. Діни хикаяларда бұл ағаш «Әбілхаят» деп аталады. Әрі «Трансқа түскен бақсылар осы өмір ағашында жоғары-төмен әртүрлі бағытта жүре алатынын» (Жұртбай, 2005:26) айтады.

Қазақ халқының фольклорлық шығармаларында «Киелі ағаш» әртүрлі аталады. Оны «Мық ағашы», «Бәйтерек», «Шынар ағашы», кейде тіпті «Өмір ағашы» деп те қолдана береді.

Аспан әлемінде өмір сүретіндер негізінен бүркіт, сұңқар және көгершін сияқты мифологиялық құстар ағаштың бұтақтарында мекен етеді; жер бетін мекендейтін фольклорлық шығармадағы қахарман ағаштағы құстардың жұмыртқаларын, балапандарын жер асты әлемінде тіршілік ететін жылан немесе айдаһардан құтқарады. Көкті мекен еткен жаратылыстар бұл ерлігі үшін қахарманға өз міндетін орындауға көмек береді. Бұл ретте ағаш – үш дүниені бір-біріне байлап тұрған бейтарап символ, «телепортациялық жаратылыс».

«Жетім бала» хикаясында көзін жұмып, ағашты қолымен мықтап ұстаған бала алысты жақындатады:

«Тағы үңгірді аралап,

Жан-жағыңа қарарсың.

Көрінеді көзіңе

Іздеген сұлу ағашың.

Мықты басып тамырын,

Бұтағынан ұстарсың.

Көзіңді қатты жұмып ап,

Еліңе қарай ұшарсың» (Бабалар сөзі, 24-том, «Жетім бала» хикаясы, 293-300- тармақ аралығы).

Өмір ағашы үш әлемді байланыстыратын күдірет болғандықтан, осы үш дүниедегі әртүрлі тіршілік иелері өмірін сонда жалғастырады (реинкарнация/метемпсихоз) деген наным-сенім жұртшылық арасында жиі кездеседі.

К.Г. Юнг: «Бейсаналық материал барлық болжанатын импульстар мен ниеттерден, рационалды және иррационалды ойлардан, қабылдаулардан, түйсіктерден, шарттардан, логикалық қорытындылардан және эмоциялардың барлық түрінен тұруы мүмкін. Олардың әрқайсысы, кейде барлығы бірден, біраз уақытқа, кейде тұрақты түрде бейсаналықта қалуы мүмкін» (Jung, 2009:37) дейді. Қазақстанда күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан дәстүр бойынша әкесі қайтыс болған бала жылап тұрып, ағаш таяққа сүйенеді. «Жетім бала» хикаясындағы өмір ағашын ұстаған Әуес есімді жетім бала секілді. Бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан «ағаш» атты әмбебап символында өрнектелген «өмір» мағынасы, жақындарының бірін жоғалтқан адамның көзін жұмып алып, «өмірді» мықтап қолына алып тұрғандай әсер қалдырады.

#### **4. Халық хикаяларындағы архетиптер. Анима және Анимус архетиптері**

Ұжымдық бейсаналық тұжырымдамасының негізін құрайтын және оған дейінгі зерттелген бұл тұжырым аясындағы архетип ұғымына түсініктеме бере келе Юнг, ерте ғасырларда әр түрлі көзқарастар шеңберінде Аристотельдің, Платонның «Идеясының» заңды жалғасы болып келетін «Архетип – ежелгі уақыттан бері қолданылған және платондық «идеяның» синонимі болып табылатын ұғым» (Юнг, 2005:17) екенін айтады. Символдарды немесе кейіпкердің мінез-құлқын зерделеу барысында ер мінезді әйелді немесе нәзік ер азаматтың ерекшелігін ғана сипаттап жазу психоанализ тұрғысынан аздық етеді. Бұл ретте кейіпкерлердің психологиясы қашан және қалай өзгеретіні туралы зерделей түссек, шығармадағы анима мен анимус архетиптерінің негізгі нышанын байқауға болады.

Қазақ халық хикаяларында бұл ауысулар негізгі кейіпкер белгілі бір жағдайға тап болған кезден («сынақ жолына» (Дж.Кэмпбелл) түскен кезде) бастау алады. Мысалы, «Қараторғай» хикаясында анима және анимустың адам бойындағы ауысу қасиеті айқын әрі жиі байқалады:

«Қараторғай» хикаясында бір байдың қызы Естек есімді кедей жігітке ғашық болады. Уәде байласқан екі жас үйден қашады. Естек – нәзік, әнші жігіт. Шығарма фабуласынан Естектің үйден қашып кеткен ерлігінен басқа қандай да бір бас қаһарманға тиесілі ерлігі көрініс таппайды. Ол биязы, әйел адамды құрметтейтін, сүйгенінің қасынан үнемі табылатын кейіпкер. Естектегі «анима» архетипі «анимусқа» айналған кезін оның атқа отырып шапқан кезінен, қашуға шешім қабылдағанынан ғана көре аламыз. Керісінше, шығармадағы қыздың бойынан «анимус» архетипі шығарманың тұла бойынан байқалады. Мысалы, екеуін тұтқындауға келген қуғыншыларға қыз:

«Қара бұлт қайта төнді басымызға.  
Мен қалайын, ұстаса не қылады,  
Сіз құтыл атқа мініп қашыңыз да.  
Сені ұстаса жендеттер өлтіреді,  
Жолықтық досың емес, қасымызға.  
Өлмесек қайта тағы қосылармыз,  
Біз айтқан осы болсын қошымыз да» (Бабалар сөзі, 30-том, «Қараторғай» хикаясы, 274-280- тармақ аралығы).

Бас қаһармандардың бір - біріне деген жанашырлық сезім танытуы, бірін-бірі аяуы – махаббат, ғашықтық хикаяларының басты ерекшелігі болып табылады. Ғашықтық хикаяларда дәл осы аяушылық сезім кейіпкерлердегі анима және анимустың өзгеріп отыратындығына себепші болады. Мүмкін, «Ғашықтық құдай Эрос (Платонның айтуы бойынша құдайлардың біріншісі) еркек әрі әйел» (Campbell, 2017: 143) болуына байланысты.

### 5. «Ана» архетипі

Бұл архетипті Карл Г. Юнг аналитикалық психологияда адамның өзінің тұлғалық құрылымының аспектісі ретінде анықтайды. Психология ғылымы тұрғысынан ана, әже, ене, ұстаз және белгілі бір мінез-құлық түрін көрсететін кез келген әйел ана архетипі ретінде әрекет ете алады. Бұл архетиптің көрінісі екі бағытта жүзеге асады:

1) Жағымды ана: жанашырлық, қамқорлық, қауіпсіздік, тыныштық, даналық қасиеттерімен;

2) Жағымсыз ана: енжарлық, өгей шеше бейнесінде, қараңғылық, сипаттарымен көрініс табады.

3) Қазақ халық хикаяларындағы ана архетипі аталған екі түрде де көрініс табады. Мысалы, «Қараторғай» хикаясында қыздың анасы оны үнемі қолдайды, тіпті үйінен қашқысы келген қызына кеңес берсе; «Құламерген» хикаясында отбасына опасыздық жасаған ананың архетипін көруге болады. Хикая бойынша Құламерген батырдың алтын шашты әйелі Гүлайым, сатқындықпен бай сұлтанға қашып, Құламергенді өлтірмек болады. Бұл оқиға хикаяда төмендегідей суреттеледі:

«Ішінде әр жұманың дүйсенбі күн,  
Мергенім үш күн, үш түн ұйықтап жатар.  
Әскері дүйсенбі күн келсін, – дейді,  
Қай жерде Құлагер ат көрсін, – дейді.  
Қылышы шаншулы, аты сыртта тұрса,  
Сол кезде келген әскер кірсін – дейді.  
Байланса Құлагер ат босағаға,  
Сүйеулі үйде тұрар қылышы да.  
Ол кезде келген пенде құтылмайды,  
Патша ұмытпасын мұны, сірә» (Бабалар сөзі, 31-том, «Құламерген» хикаясы, 129-138- тармақ аралығы).

### 6. «Әке» архетипі

Әке архетипінің бастапқы формасы құдай сипатында (мысалы, христиан дінінде) көрініс табады. Кейінірек бұл архетип фольклорлық шығармаларда сұлтан, батыр, қарт, падишах, ағартушы, дана, бақсы ретінде көрінеді. Салыстырмалы түрде «Әкенің әсері басқа табиғатқа ие және ананың әсерінен өзгеше» (Юнг, 2013: 2). Ананың архетипі тыныштықты, отбасылық бақыт пен әл-ауқатты білдірсе, әкенің архетипі әрқашан шайқас, әділеттілікті іздеу, шайқас энергиясымен ерекшеленеді. Патриархалдық биліктің символы іспеттес «Әке» архетипі жеңіс ұғымымен де астасып жатады. «Ана» архетипіндегідей әке архетипінде де жақсы немесе жаман образ тудыратын қаһарман типтерін көруге болады.

«Сыршы молда» хикаясында әке архетипі Әбдімәлікті ойлап, бала үшін бәрін жасауға дайын падишах бейнесінде беріледі. Әбдімәлік дүниеге келмей тұрып, бала көрмей, түнде Алладан балалы болуды сұрайтын падишах, балалы болғаннан кейін барша халқына садақа беріп, жаңа туған Әбдімәліктің саулығын тілейді:



«Бергені маған бала рас болса,  
Бермеспін оны қайтып Аллаға өзім.  
Падиша бұл сөзімен келді үйіне,  
Бір қиял түсіп мұның және ойына.  
Халқын жинап падиша той қылады,  
Келділер көп халайық бұл тойына.  
Той қылып, қазынаның кілтін ашты,  
Ғаріпке мүсәпірмен қайыр шашты.  
Бір уақта бала бітті ханымына,  
Патшаның мұны көріп көңілі тасты» (Бабалар сөзі, 23-том, «Сыршы молда» хикаясы, 71-80- тармақ аралығы).

Аталған хикаяда падишах ақкөңіл әке болса, әңгіме соңында ол баласына жан-жақты қолдау көрсетіп, көмектесіп отыратын жақын досына айналады. Баласының жетістігіне қуанып, той жасап, садақа береді.

Бірақ «Жетім Мәриям» хикаясында Мәриямның өгей әкесі оны ақшаға сатпақшы болады. Әңгімеде Мәриям өзінің жағдайын былай сипаттайды:

«Атандым «жетім Мәриям» әкем өліп,  
Алдымда жарық сәуле, шамым сөніп.  
Әзалда Тәңірім басқа жазғаннан соң,  
Әртүрлі саудасына жүрмін көніп.  
Ағалар ойламаған көздің жасын,  
Атадан жетім қалған қарындасын.  
Он сегіз жармақ өткен Жүсіп нәби,  
Солардан қадірлі ме менің басым.  
Мақсұтқа сабырлықпен о да жеткен,  
Көз қиып ағалары сатып кеткен.  
«Сары алтын – сабыр түбі» дегендейін,  
40. Мысырға Тәңір ақыр падиша еткен.  
Маған жоқ пайғамбарлық, падишалық,  
Бір Алла, менің зарым өзіңе анық.  
Ішінде қалың тұман жол таба алмай,  
Адасқан ақылынан мен бір ғаріп» (Бабалар сөзі, 22-том, «Жетім Мәриям» хикаясы, 29-44-тармақ аралығы).

### 7. «Көлеңке» архетипі.

Юнгтің пікірі бойынша, «Көлеңке» архетипі «Мен» архетипіне қарама-қарсы» (Юнг, 1991:84), сондықтан Юнг кейде бұл архетип түрін «Альтер Эго» терминімен анықтайды. «Көлеңке» архетипі адамның жағымсыз қылығын бейнелейді. Адам санасындағы жарық ойлармен қатар, сол ойлардың көлеңкесі болған ішкі түйсік механизмдерінің де жұмыс істейтіні анық.

Қазақ халық хикаяларында көлеңке архетипі негізінен белгілі бір кейіпкердің іс-әрекеті

арқылы пайда болады. Мысалы, «Мұрат Салих пен Мағрипа» хикаясында Мұраттың ағасы Ясиннің жеңгесіне ғашық болып, сол көлеңкелі сезім қалай ұлғайып жатқандығы хикаяда төмендегідей баян етіледі:

«Тамақты қайнысы әкеп береді екен,  
Жеңгесі оған қатты сенеді екен.  
Өтіпті осылайша талай күндер,  
60. Апыр-ай, түбі қалай болар екен?  
Бір күні тағы тамақ берген екен,  
Шаш тарап отырғанда келген екен.  
Толқыған он төртінде толған айдай,  
Дидарын жеңгесінің көрген екен.  
Көрген соң нәпсі қозып қайнысының,  
Біле алмай не қыларын жүрген екен.  
Дертіне ешбір айла таба алмастан,  
Бір түнде жеңгесіне келген екен» (Бабалар сөзі, 31-том, «Сыршы молда» хикаясы, 57-68-тармақ аралығы).

Хикаяда сипатталған сезім махаббат сезіміне қарағанда көрсеқызарлыққа, қанағатсыздық пен қатыгездікке жақын. Ясиннің көлеңкесі болған «сезім» уақыт өткен сайын өсіп, оның ой-санасын жаман бағытқа бұрады. Бұл ретте К.Г. Юнг «Көлеңкеде» үлкен энергия бар және ақырында жарылысқа себеп болады деп санайды. Сондықтан, Ясин көнбес жеңгесіне кінәні артып, оның үйден, тіпті қаладан қуылуына себепші болады.

### Қорытынды

Психоанализ – күрделі ұғым. З. Фрейд, К.Г. Юнгтың жан ауруына душар болған адамдарды емдеуге қатысты жасаған зерттеулерінен бастау алған бұл бағыт әдебиет ғылымымен интеграциялануы арқылы пәнаралық байланысты нығайтып, жаңа зерттеулерге жол ашты. Бүгінде психоанализдік талдау фольклорлық шығармаларды зерттеу объектісі ретінде алып, Голливуд фильмдерінің, қасиетті кітаптардың сюжеттік-композициялық, эмоционалды-экспрессивтік қабатын қамти алатын талдау әдісіне айналды (Б. Мойерс, Дж. Кэмпбелл – Мифологияның күші: қасиетті кітаптардан Голливуд фильмдеріне дейін). Психоанализдің басты ұғымы архетипті зерделеу арқылы ұжымдық бейсаналық түсінікті әлеуметтану ғылымымен ұштастыру барысында ұлттық сана, ұлттық код, төл фольклордың негізгі функцияларын іске қосып, заманауи зерттеулерге жол ашуға болады.

Мақалаға негіз болған халық хикаялары қазақ халқында көшпелі және отырықшы өмір салты толығымен араласқан кезеңде пайда болды. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін фольклордың бұл түрі ұлттық рухты, тілді, дінді, халықтың өмір салтын, дүниетанымын және психологияның ерекше аспектісін ашатын ақпаратты қамтиды. Демек, психоанализ бұл ақпаратты антропоцентристік (адамға бағытталған) парадигма шеңберінде талдау мен пән-аралық зерттеу жүргізудегі таптырмас әдісі

болып табылады. Бұл ретте, әдебиеттану ғылымындағы жаңашыл бағыттарды саралап, жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды әлемдік айналымға енгізу де басты назардағы мәселе.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылған (Грант №AP14869424 «Деңгейлік парадигмалар әдіснамасы: оқылым мен жазылым»).*

### Әдебиеттер

Жұртбай Т. Миф // «Әлемдік мәдениеттану ой-санасы» Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері. – Алматы: Жазушы, 2005.

Оразқұлова Қ. Қазақ суретшілері шығармашылығындағы архетиптік образ бен ұжымдық бейсана: мәдени-философиялық талдау: Монография. – Алматы: «Қаратау ҚБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 384 б.

Панова Н.Ю. К вопросу о психоанализе в литературе: теоретический аспект // Світова література на перехресті культур і цивілізацій. – 2013. – Вып. 7 (2). – С. 234–242.

Тихонова Э.В. Психологическая лаборатория Вильгельма Вундта в Лейпциге: история и современность // Институт психологии РАН. Социальная и экономическая психология. – 2020. – Том 5. № 3(19). – С. 250-268.

Юнг К.Г. Архетип и символ // Центр гуманитарных технологий. – Москва: Канон+, 2021. – 336 с.

Юнг К.Г. Значение отца в судьбе отдельного человека. (Редакция Серебряниковой). – Москва: СБП, 2013.

Проскурник Б. Художественный психологизм до и после Фрейда // Психология будущего: материалы меж вузовской научно-практической конференции. Пермь: ПГУ, 2008.

Campbell J. Kahramanın Sonsuz Yolculuğu. (S. Gürses, Çev). İstanbul: İthaki, 2017.

Ekici M. Türk Halk Edebiyatı El Kitabı.1. Baskı. Ankara: Grafiker, 2004.

From E. Rüyalar. Masallar. Mitler. (2. b).. (A. Ökten, Çev). İstanbul: Say Yayınları, 2015.

Jung C. G. İnsan ve Sembolleri (4. Baskı b).. (A. N. Babaoğlu, Çev). İstanbul: Us Yayınları, 2009.

Бабалар сөзі. Хикаялар. – Астана: Фолиант, 2005.

### References

Jurtbai, T. (2005). Mif [Myth]. Alemdik madeniettanu oi-sanasy. On tomдық. 2-tom. Mifologia: qurylymy men ramizderi ["World Cultural Studies thinking" in ten volumes. Volume 2. Mythology: structure and symbols]. Almaty: Jazushy. (in Kazakh)

Orazqulova, K.(2014). Qazaq suretshileri syğarmaşylyğyndağy arhetiptik obraz ben uymdyq beisana: Madeni-filosofialyq taldau [Archetypal image and collective identity in the work of Kazakh artists: cultural and philosophical analysis]. Almaty: Dästür. (in Kazakh)

Panova, N. (2013). K voprosu o psihoanalize v literature: teoreticheski aspekt [On the issue of psychoanalysis in literature: a theoretical aspect]. Svitova literatura na perehresti kultur i sivilizasyi [World literature at the crossroads of cultures and civilization]. Vol. 7(2), P. 286-288. (in Russian)

Tihonova, E. (2020). Psihologicheskaia laboratoria Vilgelma Vundta v Leipsige: istoria i sovremenost [Wilhelm Wundt's Psychological Laboratory in Leipzig: history and Modernity]. Institut psihologii Rosiskoi akademi nauk. Sotsialnaia i ekonomicheskaia psihologiia [Institute of Psychology of the Russian Academy of Sciences. Social and economic psychology]. Vol.5. Iss.3(19). (in Russian)

Jung, K.G. (1991). Arhetip i simvol [Archetype and symbol]. Tsentr gymanitarnyh tehnologii [The Center for Humanitarian Technologies]. Sankt-Peterburg: Renesans. (in Russian)

Jung K.G. (2013). Znachenie otsa v sudbe otdelnogo cheloveka [The importance of the father in the fate of an individual]. Moscow. SBP. (in Russian)

Proskurnik, B. (2008). Hudojestvenny psihologizm do i posle Freida [Artistic psychologism before and after Freud]. Psihologia buduşego: materialy mej vuzovskoi nauchno-prakticheskoi konferensyi [Psychology of the future: materials of the interuniversity scientific and practical conference]. Perm: PGU. (in Russian)

Campbell, J. (2017). Kahramanın Sonsuz Yolculuğu [The Hero's Endless Journey]. İstanbul: İthaki. (in Turkish)

Ekici, M. (2004). Türk Halk Edebiyatı El Kitabı [Handbook of Turkish Folk Literature]. Ankara: Grafiker. (in Turkish)

From, E. (2015). Rüyalar. Masallar. Mitler. [Dreams.Fairy tales. Myths]. İstanbul. Say Yayınları. (in Turkish)

Jung, C.G. (2009). İnsan ve Sembolleri [People and Their Symbols]. İstanbul. Us Yayınları. (in Turkish)

Babalar sözi. (2005). Hikayalar [Stories.]. Astana. Foliant. (in Kazakh)